

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
СЕМЕЙ ҚАЛАСЫНЫҢ ШӘКӘРІМ АТЫНДАҒЫ МЕМЛЕКЕТТІК УНИВЕРСИТЕТІ**



ҚазАШҒА корреспондент-мүшесі, т.ғ.д., профессор Елемес Төлеуұлы Төлеуовты еске алуға арналған "ҒАЛАМДЫҚ БӘСЕКЕЛЕСТІК ШАРТТАРЫНА ӨНДІРІСТІҢ ТИІМДІЛІГІН АРТТЫРУ ҮШІН ИННОВАЦИЯЛЫҚ ҰСЫНЫСТАР МЕН ТЕХНОЛОГИЯЛАР" атты ғылыми-тәжірибелік конференция



МАТЕРИАЛДАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ

CONFERENCE PROCEEDINGS

«ИННОВАЦИОННЫЕ ПОДХОДЫ И ТЕХНОЛОГИИ ДЛЯ ПОВЫШЕНИЯ ЭФФЕКТИВНОСТИ ПРОИЗВОДСТВ В УСЛОВИЯХ ГЛОБАЛЬНОЙ КОНКУРЕНЦИИ» международная научно-практическая конференция, посвященная памяти член-корресподента КазАСХН, д.т.н., профессора Тулеуова Елемеса Тулеуовича

International research conference "INNOVATIVE APPROACHES AND TECHNOLOGIES FOR IMPROVED EFFICIENCY OF PRODUCTION IN A COMPETITIVE GLOBAL ENVIRONMENT", dedicated in honor of Professor, Doctor of technical sciences, Corresponding Member of Kazakh Academy of Agriculture Sciences Yelemes Tuleuov

**1 Наурыз - 1 March, 2016
Семей - Semey
Қазақстан - Kazakhstan**



Сурет 2. Ұсақ сериялы бұйымдар жинағы

Қорытынды. Қорыта келе, қазақ ұлттық құрақ тігу түрлерің талдау негізінде қазіргі әлеуметтік және экономикалық талаптарға сәйкестендіріп, ұлттық нақыштарды қолдана отырып, ұсақ сериялы бұйымдар жинағы жасалынды. Бұл жұмыста қарастырылатын

зерттеу нысаны мен сұрақтары қоғамдық тұрғыдан ұлттық дәстүрі мен өнерінің сақталып дамуына, сонымен қатар ұлттық мәдени қазыналар мен ұлттық нақыштарды қазіргі жастарға насихаттау барысында орасан зор ықпал етеді.

Әдебиеттер тізімі

1. Шоқпарұлы Д., Дәркембайұлы Д. «Қазақтың қолданбалы өнері». – Алматы: «Алматыкітап» ЖШС, 2007.-384 б.
2. Банакина Л.В. Лоскутное шитье. Техника. Приемы. Изделия. М.: Аст-пресс, 2000г.
3. Мак Кормик Гордон Мэгги. Лоскутное шитье: Мотивы. Узоры. Техники. Как повысить свое мастерство. Пер. с англ. –М.:Ниола 21 век, 2001.-128 с.
4. Нұржасарова М., Кучарбаева К., Рүстемова А. Киім дайындау технологиясы. Астана: Фолиант, 2008. – 288 б.

ӘОЖ 687.1: 391.4

ЖАСТАР КИІМІНДЕГІ БӨЛШЕКТЕРДІ ТРАНСФОРМАЦИЯЛАУ ТӘСІЛДЕРІН ЗЕРТТЕУ

Кучарбаева К.Ж., Жанузакова Ж.С.

Алматы технологиялық университеті,
Алматы қ., Қазақстан Республикасы

Мақалада бойжеткен костюміндегі бөлшектерді трансформациялау тәсілдері зерттеледі және жастар киімінің талаптарына жауап беретін бәсекеге қабілетті киім жиынтығы ұсынылды. Зерттеу жұмысында бойжеткен костюмінде трансформацияланатын бөлшектерді түрлендіру заңдылықтары талданды және бір үлгі негізінде бірнеше киім жиынтығы жобаланды. Нәтижесінде эксплуатациялық және эстетикалық талаптарды қанағаттандыратын трансформацияланатын жастар костюмі жобаланды және өндірісте үлгіні дайындау шығыны азайтылды, киімнің қызметі кеңейтілді.

В статье исследованы способы трансформации деталей костюма девушки и представлена конкурентоспособная коллекция одежды, отвечающая требованиям одежды для молодежи. В исследуемой работе анализируются образцы модификации деталей костюма девушки и на основе одного образца одежды разработана коллекция нескольких видов одежды. В результате разработан трансформирующийся молодежный костюм,

удовлетворяющий эксплуатационные и эстетические требования, а в производстве уменьшился расход на подготовку образца, расширилась функция одежды.

This article explores the means of transformation of girls costume parts and youth clothing that satisfied the requirements of the collection outfit presented. The investment analyzed patterns of modification of the girls in the suit parts and several collection of costumes are designed on the basis of the same model. As a result of transformation of the exploitation and aesthetics satisfied transformation of youth costumes are projected and reduced the production of models, laundry service is expanded.

Заманауи өмір салтындағы тігін өндірісінде озық технологияның кеңінен қолданылуы, ақпараттық құрылымның жылдам өсуі тұтынушы қажеттілігін қанағаттандыратын, оның барлық талаптарына, күнделікті қажеттіліктеріне сай келетін киім жиынтығының пайда болуының негізгі себептері болып табылады. Жобаланатын киім жиынтығы қолдануға ыңғайлы және тиімді, эстетикалық тұрғыдан пайдалануды қанағаттандыру керек, яғни гардеробты жаңа киім үлгілерімен, оның элементтерімен толтырып тұру қажет.

Зерттеу жұмысында жастар киімінде бөлшектерді трансформациялану тәсілдері талданды. Көпфункционалды киім жиынтығын жобалау, күнделікті қажеттілікке қарай бірнеше бұйым түрін пайдалануға мүмкіндік береді. Трансформацияланатын әмбебап киім жиынтығын дайындау, тұтынушы сұранысын қанағаттандырады және сонымен қатар материал ресурстарын үнемдейді. Трансформация туралы мәліметтер техникалық әдебиеттерде әртүрлі білім аумағында талданады. Осы ақпараттардан шығатын қорытынды, түрленетін құрылымдағы киім жиынтығын құрастыруда, бөлшектердің пішін өзгерісін түрлендіру бағыты болып табылады. Әртүрлі қолданыстағы киімдердің пішін өзгерісінде, бөлшектерді тасымалдау тәсілдерінің негізгі қаланған, осыған орай трансформациялау тәсілдері әлем сәнінің көркемдік бөлігі және шығармашылық әдістің бір буыны болып табылады. (1)

Қазіргі кезеңде трансформацияланатын бұйымдарды дайындауда, әрдайым танымал сәнгерлер Hussein Chalayan, Yohji Yamamoto, Martin Margiela, Gareth Pugh және т.б. айналысады. Коко Шанель ағылшын ерлер костюм элементерін әйелдер костюміне трансформациялайды, яғни түрлендірді. Киімдерді өндіру мен жобалау үдерісінің технологиялық және стилистикалық аспектерінде трансформацияланатын бөлшектерді түрлендіру кеңінен қолданылады. Трансформацияланатын және көпфункционалды заманауи киім жиынтығы, қазіргі кезеңдегі жастар арасында үлкен сұранысқа ие. Бойжеткен

костюмінде трансформацияланатын бөлшектерді түрлендіру тәсілдері талданды, оларды сән бағытын қарай қолданысқа енгізу ұсынылды және заманауи киім жиынтығын жобалауда қолданылды.

Тігін бұйымдарының сапасының қалыптасуының ең маңызды кезеңі -киімді дайындаудың технологиялық үдерістерін үлгілеу болып табылады. Бұл кезеңде үлгінің эскизі мен конструкциялық, технологиялық және экономикалық көрсеткіштері анықталады. Экспериментте, әртүрлі бөлшектерді және киім элементтерін трансформациялау тәсілдері, сән бағытында әртүрлі нұсқаларын модельдеуге және әртүрлі стильдік шешімдерде үлгілеуге шексіз мүмкін берді. Және трансформацияланатын заманауи жастар киім жиынтығының жеке динамикалық өмір салтында, жеке тұлға қалыптастыруға, функционалдық түрлі құбылыстарды өзгертуге байланысты түрлендірілді. Ұзақ уақыт бойы конструктивті-технологиялық және композициялық шешімдердің белгілі тәсілдері ұсынылды. Бұл мәліметтер, жастар киім жиынтығында трансформацияланатын бөлшектерді түрлендіруге көп мүмкіндіктерді берді. Түрлі функционалдық, эксплуатациялық, эстетикалық талаптардағы трансформацияланатын жастар киім жиынтығын жобалауды қалыптастырды. Бойжеткен костюмінде трансформацияланатын бөлшек элементтерін түрлендіре отырып, 1- суретте әртүрлі үлгідегі бірнеше киім жиынтығы құрастырылды. Жобаланған киімдегі бөлшек элементтері үйлесімділік заңдылығында түрлендірілді, бөлшектерді трансформациялау тәсілдері алты түрде жіктелді және зерттеу нәтижесінде жастар киім жиынтығы үлгілері жобаланды. (2)

• Бөлу – қосу тәсілін зерттеу арқылы, жобаланған бойжеткен костюмінде трансформацияланатын жең бөлшектерін және жакеттің төменгі бөлігін бөліп қосу заңдылығында түрлендірілді. Әрбір бөлшектердің бөлінуі – қосылуы сыдырма-түймелік, түйме мен ілмек, батырмалар арқылы

іске асырылады. Бұл тәсілде бұйым формасы өзгермейді, тек бөлшектер бөлініп – қосылып түрленеді.

- Созу – қысу тәсілін зерттеу арқылы, бойжеткен костюмінің жеңнің төменгі бөлігі мен жакеттің төменгі бөліктері әртүрлі пішінде түрлендірілді және трансформацияланатын бөлшектер көлемдік жазықтық безендірудің композициялық шешімінде жобаланды. Осы тәсілмен жобалау кезінде бойжеткен костюмінің бөлшектері мен элементтерін иілгіш және жабысқақ таспалармен, түйме мен ілмек, батырмалармен бекітуге болады.

- Жоғалуы – пайда болу тәсілін зерттеу арқылы, бойжеткен костюміне әртүрлі пішіндегі жең және жакеттің төменгі бөліктерінің композициялық шешімде жобалау, симметриялық тенденцияға негізделді және сәндік-әшекей элементтерімен түрлендірілді. Әр трансформацияланатын бөлшектер үйлесімділік заңдылығына сәйкес жакетте жоғалып немесе пайда болады.

- Басқа бөлшектермен ауыстыру тәсілін зерттеу арқылы, бойжеткен костюмінің трансформацияланатын жең мен жакеттің төменгі бөліктерінің композициялық шешімін жобалауда, трансформацияланатын бөлшектер симметриялық тенденцияның үйлесім заңдылығында түрлендірілді. Бұл тәсілде жакеттегі трансформацияланатын бөлшектердің әртүрлі формада қалыптастырылады. Базалық элементтерді сақтай отырып, тек бір бөлшектің ауысуы. Біріктіріп салу тәсілін зерттеу арқылы, бойжеткен костюміне әртүрлі пішіндегі сәндік-әшекей элементтерінің үйлесімділігі түрлі-түсті трансформацияланатын бөлшектермен алмастырылады және бөлшек құрылымын түрлендіру негізінде жобаланды. Бойжеткен костюмін жобалауда сәндік-әшекей элементтері жапсырмалы бөлшектермен түрлендірілді.

- Қайта орнын ауыстыру тәсілін зерттеу арқылы, жакеттің трансформацияланатын бөлшектерінің формасын екінші формаға өзгерту арқылы, бойжеткен жакеті мен белдемшесі жобаланды және көп функционалдық жиынтығы құрастырылды.

Зерттеу жұмысындағы жобаланған бойжеткен костюмінде түрленетін бөлшектер, экономистер көзқарасымен қарастырсақ, онда ол тұтынушылар мен өндірушілерге тиімді болады. Тұтынушылар бір түрленетін бұйымды сатып ала отырып, нақты түрде түсі мен матасы үйлесетін, бірақ ассортименті мен тағайындалуы әртүрлі бірнеше бұйымға ие болады. Өндірушілер трансформацияланатын киім бөлшектері негізінде бұйымды жобалауда, матаны үнемдеу есебінде шығын көлемін азайтып, нарық талаптарына сай жаңа бойжеткен костюмі жобалайды.


Трансформацияланатын киім бөлшектері тұтынушыларға үнемділіктен басқада оңтайлы қызметтерді көрсетуге мүмкіндік береді. Трансформацияланатын бөлшектердің аздаған жиынтығы көмегімен киімнің стилін және ассортиментін әрдайым өзгертуге мүмкін болды. Жобаланып отырған бойжеткен костюмі үлгілерінде трансформацияланатын бөлшектерді түрлендіру нәтижесінде:

- жастар киім жиынтығында дифференциалдық сұраным мен талаптарды толық қанағаттандырады;

- трансформацияланатын бөлшектердің аздаған жиынтығы көмегімен бойжеткен костюмінің стилін және қолданылуын кеңейтеді;

- нарықтық бәсекелестік талаптарына сай бойжеткен костюмінің жаңа үлгілерін өндіреді;

- өндірісте үлгіні дайындау шығынын азайтады және бір үлгі негізінде жастар киім жиынтығын шығаруды толығымен қамтамасыз етеді.



Сурет 1 - Трансформацияланатын бойжеткен костюмін автоматтандырылған тәртіпте жобалау

Қолданылған әдебиеттер

1. Акилова З. Т., Петушкова Г. И., Пацявичюте А. А. Моделирование одежды на основе принципа трансформации (новые приемы разработка модных форм одежды): учеб. пособие для вузов. М.: Легпромбытиздат, 1993. - 200 с.
2. Ганявин В. А., Манцевич А. Ю. Онтология проектирования трансформируемой одежды элементарного кроя // Научное искусство: I Международная научно-практическая конференция. МГУ им. М.В. Ломоносова. М.: МИЭЭ, 2012. с. 198-201, 258.
3. Lazarov, Journal of the European Academy of Dermatology and Venerology, 2004

ОӘЖ:621.729

ЖЕЛІМ ҚОСЫЛЫСТАРЫНЫҢ СУБСТРАТ КЕУЕКТІЛІГІНЕ ТИГІЗЕТІН ӘСЕРІН АНЫҚТАУ

Манапбаева У.Е., Саржанова Д.Т., Абдуллаева М

М.Х. Дулати атындағы Тараз Мемлекеттік Университеті, Тараз, Қазақстан

Мақалада желім жағудың әртүрлі әдістері қарастырылды. Қолмен желім жағу және вибрациялық желім жағу әдісімен алынған желім қосылыстарының беріктігін талдау жүргізілді. Аяқ киімдік материалдарға бір реттік вибрациялық желім жағу әдісін екі реттік желім жағу әдісіне алмастырудың мүмкіншілігі мен артықшылығы дәлелденді. Желім қосылыстардың беріктігіне субстраттың кеуектілігінің тигізетін әсері анықталды. Микроскоптың көмегімен зерттеу мәліметтері көрсетілді.

The article discussed the various methods of applying the adhesive. Manual obtained by applying an adhesive and adhesive vibration analysis of the strength of adhesive compounds. Two shoes one-time vibration method of applying the adhesive material on a primary advantage of the opportunity to change the method of applying the adhesive and proved. The strength of adhesive compounds influence of substrate kewektiliginiñ identified. According to a study by the microscope.

Желім қосылыстары былғары бұйымдарында кеңінен қолданылады. Аяқ киім өндірісінің технологиясы дамыған елдерде табанды желімдеп бекіту әдісімен өндірілген аяқ киімдердің шамамен 70 % жуығы шығарылады.

Желімдерді қолданудың тиімділігі қарапайым механикалық бекіту әдісімен салыстырғанда бірқатар артықшылықтарымен сипатталады. Ең басты артықшылығы - табиғаты әртүрлі материалдарды желімнің көмегімен сенімді

253	Тимеркаева.Р.Р. Анализ влияния основных факторов на себестоимость продукции свиноводства ООО «Шаранагрогаз» Шаранского района Республики Башкортостан	734
254	Байузакова Г.С., Оразбаева А.О. К вопросу об эстетической функции костюма	736
255	Байұзақова Г.С., Төлеген Ғ.Қ. Қазақ ұлттық мотивтерді қолдану арқылы әйелдерің сәнді костюмін жасау	739
256	Кутузова А. А., Ильясова З. З. Динамика бифидобактерий в кишечнике телят при диареи	742
257	Манапбаева У.Е., Саржанова Д.Т., Тулендиева Г.О. Сырмақ дайындау технологиясы	744
258	Джанузакова Р.Д., Махамбетжанов Д.Б., Каршева К.О. Исследование входных и выходных характеристик биполярного транзистора в схеме с общим эмиттером с использованием пакета Electronic Workbench	748
259	Махамбетжанов Д.Б., Джанузакова Р.Д., Орманбекова А.А., Каршева К.О. Labview бағдарламау ортасында транзисторлардың вольт-амперлік сипаттамасын зерттеу	752
260	Мукаева А. М., Айдынбек Ф. Панно – интерьерді әшекелеу элементі	754
261	Мукаева А. М., Сахиева А. Ілгекпен тоқылған дастархан – интерьер сәндеуі	756
262	Муратова В.Л. Рынок экологической продукции германии в условиях глобальной конкуренции	759
263	Муратова В.Л. Производство молока и возобновляемой энергии в Германии	762
264	Нуржанов Б.С., Тубашов Е. Мәліметтерді тарату желісіндегі коммутаторлар	764
265	Нуржанов Б.С., Қамбар А.А. DWDM технологиясының негіздері	768
266	Тлешова А.С., Ахметова С.О., Жолдыбай Б. «Сымсыз байланыс технологиясы» пәнінен оқу процесінде тәжірибе жүзінде сымсыз байланыс жүйелерінде сигналдарды қабылдау бойынша MATLAB бағдарламасын коданып білімгерлердің ғылыми зерттеу жұмысын жасау	771
267	Тлешова А.С., Шедреева И.Б., Такен С. «Сымсыз байланыс технологиясы» пәнінен тәжірибе жүзінде «Cisco Packet Tracer» виртуалды зертхана негізінде желілік жабдықтарды қолданып білімгерлердің ғылыми зерттеу жұмысын жасау	774
268	Кәдірбай А. К., Дүйсебай Н. Б., Спандияров Е., Өмірбаева Ш.Ж. Ұлттық сусын ашымыққа арналған композитті дән қоспасын жасау	778
269	Сугурова Л.А., Махамбетжанов Д.Б. Исследование полупроводникового диода с использованием средств САПР Electronics Workbench	781
270	Мажибек С., Абдилова Ғ.Б. Құнбағыс өнімін престоуде престоу процесін жетілдірудің тиімді жолдары	784
271	Сакибаева С.А., Калдыбаева А.Р., Байсейт Ж.Г. Разработка рецептуры резиновых смесей с применением отходов нефтеперерабатывающей промышленности – нефтяными шламами	786
272	Мусина Д., Асенова Б.К., Смольникова Ф.Х., Окусханова Э.К. Зерновые крупы – качество и безопасность	789
273	Ляпин Р., Мусина Д., Смольникова Ф.Х., Асенова Б.К., Окусханова Э.К. Исследование муки, реализуемой на потребительском рынке города Семей	790